

«РЕВИЗОР» ОЙЫНЫ ТУРАЛЫ



Мирзоян жолдастың күнбе-күнгі басшылығы, көмегі арқасында қазақ көркемөнері, театры күн санап өсіп, ұлы табыстарға ие болып келеді. Мирзоян жолдастың жүктеген міндетін Қазақстан көркемөнерінің адамдары орындап, өнерлерін асыра түсіп отыр. Осы ұлы табыстың бірі, өнерді асырудың бір көрінісі – Қазақтың мемлекеттік драма театры қойып отырған «Ревизор» ойыны. Орыс классиктерінің пьесасы, оның ішінде жүз жыл бойы маңызы жойылмай, сахнадан түспей келе жатқан «Ревизордың» қазақ сахнасына шығуы – үлкен қуаныш, мәртебе.

Қазақ драма театрының бүгінгі деңгейін көрсетерін келген пьесаларымен (қазақша, орысша) салыстырғанда, «Ревизор» ойыны өте қиын, өте ауыр еді. «Ревизор» театрды да, әртістерді де сынайтын пьеса еді. Алайда, «Ревизор» қазақ театры жақсы көрсетті, әртістері жақсы ойнап шықты. «Ревизор» ойыны театр коллективінің бұрынғыдан анағұрлым өскенін, әсіресе жас әртістердің ысылғанын, үлкен-үлкен репертуарларды меңгеріп алуға жаралғанын көрсетті.

«Ревизор» ойынындағы бас рөлдің Дуанбасы (Городничий). Дуанбасының рөлін ойнаған Қалыбек – орыстың классик әдебиеті түгіл, қазақша оқымаған адам. Орыс өмірін, әсіресе «Ревизор» дәуірін, ол уақыттағы тұрмыс-салтты, мінез-құлықты мүлдем білмейтін еді. Солай болса да Боров сияқты ысылған, шебер режиссердің үйретуімен, өзінің әртістік күшті талантымен Дуанбасына айтарлықтай жақсы ойнап шықты. Рөлді түсінгенін, дәуірді ұққанын көрсетті. Қалыбектің шығармашылық өнері, әртүрлі әдістері, бүкіл тұлғасы, жүріс-тұрысы, гримі бір салаға құйылып, тұрпайы, надан, ақымақ, тоғышар, қорқақ, парақор, алдаушы әкімнің образын суреттеді.

Дуанбасының әйелі Анна болып ойнаған Мәлике еді. Мәлике – тәлімді, еуропалық сахнадан тәрбиесі бар, еуропалық әйелдердің пішінін түсінетін актриса.

Көрсеқызар мещанка, жасына қарамай, өмірде қызметке таласатын қызба, боянып-таранатын жастықты көксейтін, әлі жасын деп түсінетін дворяндық үшқалақ кокетка Аннаны керемет суреттеді. Алайда, Мәликенің Анна рөлін бұдан да тереңдеп, шебер суреттейтін мүмкіндігі бар еді.

Осы келе жатқан жас әртістердің ішінде Хлестяков рөлін атқарған Камал да жаман ойнаған жоқ. Бобчинский мен Допчинскийді ойнаған Сейполда мен Сұлтан рөлдерін ойдағыдай жақсы атқарды. Бұл екеуі дворяндардың сұрқия өсекшісі, сумаң өтірікшісі; жаужетіпті, ел көшіпті деп; одан кіріп, бұдан шығатын алаяқтары. Бұлардың мінез-құлықтары, істері, жүріс-тұрыстары «Ревизор» пьесасының оқиғасын толықтырып, шиеленістіріп отырады. Бұл

екеуінің образы көрінбесе, Хлестяков, Дуанбасы образтары да толық болмай шығады. Сейполда мен Сұлтан күткен тілекті ақтай алды.

Дуанбасының қызы Мәрияның рөлін ойнаушы жас актрисалар Айша мен Сәбира әлі үйренулері керек. Сәбираға қарағанда Айшаның ойнауы анағұрлым жақсы. Тұлғасы, дауысы болсын, әртүрлі сырт пішініндегі құбылыс әдістері болсын Мәрияның типіне жақын. Айшаны қадағалап үйретіп тәрбиелесе, Мәрияны ойнап шыға алады.

Жалпы ойынның оформлениесіне, ойынды қоюшының идеясына келгенде, бірқатар таласты мәселе бар. Ол таласты мәселе, әсіресе Хлестяковты түсіндіруі, суреттеуі жөнінде.

«Ревизорды» жалғыз біздің театр ғана емес, талай театр ойнады. Әр театр өзінше трактовка жасап, әрбір образды өздерініше түсіндірді. Кейбір театр Хлестяковты балақылау қылып, ақыл тоқтатпаған адам етіп көрсетеді. Кейбір театр оның 3-перделі өтірік айтатын жерін мастықтың салдары қылып көрсетеді. Қазақ театрының Хлестяковты да осы түсінікпен жасалған сияқты. Совет жұртшылығының бірқатары Хлестяковты бұлай көрсету оның әлеуметтік тиістігін әлсіретіп төмендетеді; өтірігінің әлеуметтік астарын жояды дегенді айтады. Меніңше де осы пікір дұрыс қой деп ойлаймын. Хлестяков, мүмкін, бала болса, ақыл жағынан, топастық жағынан ғана бала. Сонымен бірге ол мақтанса, өтірік айтса, мастықтан емес, әлеуметтік пішіннен өтірік айтады. Міне, «Ревизор» постановкасының қойылу бағытында режиссердің түсіндіруінде осы сияқты талас мәселелер бар.

Жалпы айтқанда, барлық ойын жақсы шықты.

«Социалды Қазақстан», 1936, 24 қазан